


Қысқа мерзімді жоспар.

Білім беру ұйымының атауы	№149 мектеп	
Пәні:	Қазақстан тарихы	
Бөлім:	7.3 Отарлау және ұлт-азаттық күрес	
Педагогтің аты-жөні:	Турсымбекова Г.Ж.	
Күні:	19.01.2024	
Сынып: 7 «Д»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Қазақстанның Ресей империясына қосылуының аяқталуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның оңтүстік аймақтарының Ресей империясына қосылуының ерекшеліктері қандай?	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау 7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау	
Сабақтың мақсаты	XIX ғасырдың екінші жартысындағы Ұлы жүздің Ресей империясының құрамына кіруі және империяның ықпалының артуы туралы түсінік беріледі.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру. Амандасу. Жүректен жүрекке әдісімен Топқа бөлу: «Жүрекше» әдісі. Үй жұмысын тексеру «Сандар сөйлейді», оқушы пікірі. 1848,1854,500,400,1860,1864,1865	Оқушылар мұғаліммен амандасады. Жүректен жүрекке әдісімен тілек білдіреді. 3 топқа бөлінеді. Оқушылар сұраққа жауап береді.	Әр дұрыс жауапқа 1 балл	
Сабақтың ортасы	Жаңа білім: Мәтінмен жұмыс 1 топ Сырдария әскери шебінің құрылуы. Хронология жасау 2 топ Ресейдің Орта Азия мемлекеттер аумағында соғыс қимылдарын одан әрі жалғастыруы. Ментальді карта әдісін 3 топ Ресей империясының Қазақстанды басып алуының салдары. «Аквариум» әдісі	Әр оқушы оқиға хронологиясын жасайды. Оқушылар ментальді картасын сызып түсіндіріп кетеді. Алған ақпаратты балыққа жазып аквариумға салады.	Әр топтың жұмысы на 3 балл	  
	Бекіту Картамен жұмыс Ресей империясының Қазақстанды қосып алуының аяқталуы. Сергіту сәті. Додекаэдр әдісі 1 топ Синквейн Қазақстан сөзіне. 2 топ «Кластер» арқылы Ресей империясының Қазақстан аумағында басып алған қалаларын көрсету.	Оқушылар бес жолдан тұратын өлең жазады. Оқушылар «Кластер» арқылы Ресей империясының Қазақстан аумағында	Әр топтың жұмысы на 4 балл	  

3 топ «Бес саусақ» тапсырмасы орындалады.

Кім?	XVIII ғ аяғы мен XIX ғ басында Ұлы Жүз аймағына үстемдік еткен мемлекеттер
Не?	Орта Азия хандықтарының Оңтүстік Қазақстандағы бекіністерінің аңыз
Қашан?	Оңтүстік Қазақстан қазақтарының Орта Азия хандықтарына қарсы көтеріліс болған жыл
Қайда?	Орта Азия хандықтарына қарсы көтеріліс болған елді мекендер
Неге?	Оңтүстік Қазақстан қазақтарының Орта Азия хандықтарына қарсы көтеріліске шығу себебі

басып алған қалаларын көрсетеді.

Оқушылар сұраққа жауап береді.



Сабақтың соңы:

Сабақты қорытындылау.

Тарихи тұлғаларға байланысты сұрақтарға жауап беріңдер.

Тарихи тұлғаларға байланысты сұрақтарға жауап беру.

№	Тарихи тұлғалар	Сұрақтар
1	Сырым Датұлы	Сырым Датұлы бастаған көтеріліске кімдер белсене қатысты?
2	Жәңгір хан	Бөкей Ордасы қазақтарының 1836-1838 жж. Хаық көтерілісін кімдер басқарды?
3	Кенесары Қасымұлы	Кенесары Қасымұлы қазақ халқының есінде қандай тұлға болып қалды?
4	Жанқожа Нұрмұхамедұлы	Жанқожа Нұрмұхамедұлы өзінің бүкіл өмірін кімге арнады?
5	Есет батыр	Есет батыр мен Жанқожа батырдың Қоқан және Хиуа басқыншыларына қарсы бастаған көтерілістерінің тарихи маңызы неде?

Үй тапсырмасы:

Эссе « Қазақстанның Ресей империясына қосылуы туралы».

Кері байланыс

«Аяқталмаған сөйлем»

«Мұғалімге жеделхат»

Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады:

- бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ...білдім, ...көзімді жеткіздім.
- бүгін сабақта қуантқаны.....
- мен өзімді.....үшін мақтар едім.
- маған ерекше ұнағаны.....
- сабақтан соң маған.....келді.
- бүгін маған.....сәті түсті.
- қызықты болғаны.....
-қиындық тудырды.

